

## БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

## Үй жануарлары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.05.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/72791/>

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

№8 «Ақбөбек» бөбекжай-бақшасының

Тәрбиешісі: Мамутова Гулзия Толесиновна

Білім беру саласы: Қатынас. Әлеуметтік орта

Тақырыбы: Үй жануарлары

Мақсаты: Білімділік: Үй жануарлары және олардың төлдерімен таныстыру, үй жануары жайлы түсініктерін, ажырата білуді үйрету, пайдасы жайлы алған білімдерін бекіту.

Дамытушылығы: Әңгімелету арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, өз ойларын еркін, әрі нақты жеткізе білуге дағдыландыру, ойлау арқылы сөздік қорларын кеңейту.

Тәрбиелік: Жануарларға қамқорлық жасауға, оларға сүйіспеншілікпен қарай білуге тәрбиелеу. Әдіс- тәсілі: Жұмбақ шешу, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ- жауап, ойын.

Көрнекіліктер: Үй жануарларының суреттері .

**Тәрбиеші:** Балалар, «Амандасу- адамгершіліктің, әдептіліктің баспалдағы» сондықтан да, алдымен қонақтармен амандасып алайық.

Шаттық шеңбері:

Көкке қолды созайық,

Күннен шуақ алайық.

Гүлге қолды созайық

Алақанға салайық,

Жүректен жылу алайық

Оны да соған қосайық,

Жиналған жылы шуақты бір-бірімізге шашайық.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? — Қыс мезгілінде неше ай бар?

— Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?

— Сендер қыс мезгілінде қандай ойындар ойнайсыңдар?

— Өте жақсы. Жарайсыңдар!

— Балалар, тыңдаңдаршы, нелердің даусы?

— Дұрыс айтасыңдар, балалар, осы сиыр, қойды үй жануарлары деп атайды. Үй жануарларына сонымен бірге жылқы, түйе, ешкі және ит пен мысық жатады. Мысық — ол үйде тұрады. Ал, ит үйдің сыртында, үйшікте тұрады. Ол үйді күзетеді. Ит- жеті қазнаның бірі.

Балалар, сендерді ата- әжелерің қандай сөздермен еркелетеді?

**Балалар:** Ботақаным, қозым, құлыным, ботам, еркем, кішкентай лағым, қошақаным. - Сендерді ата- әжелерің жақсы көріп, сүйкімді жануарлардың аттымен еркелетеді екен, қандай тамаша?

**Тәрбиеші:** Балалар, осы сүйкімді жануарлар төрт түлікке жатады. Олар: түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі. Түйенің төлі – бота, сиырдың төлі – бұзау, қойдың төлі — қозы, ешкінің төлі — лақ, жылқының төлі — құлыншақ. Халқымыздың байлығы да, берекесі де осы жануарлар. Адамға пайдасы өте көп. Сүтін ішеміз, етін жейміз, киім қыламыз. Сиырдың , қойдың, сүтінен май, құрт, айран, ірімшік жасайды. Адамдар да оларға қамқорлық көрсетеді. Бағады, шөп, жем, су береді, сауады, көптеген күтім жасайды. Үй жануарлары өздері күн көре алмайды. Ата-бабамыз да үй жануарларын өте жақсы көрген, күтіп, қасиеттеп қараған.

( Осы кезде есік ашылып әже кіреді) **Әже:** Амансыңдар ма, балалар, ғафу етіңдер.

— Бұл қай жер екен?

— Балабақша.

— Қандай балабақша?

— «Ақбөбек» балабақшасы.

- Естілмейді қандай балабақша?

— « Ақбөбек» балабақшасы.

— Мен, осында ойнап жүрген немеремді іздеп жүрмін, осы балабақшаның жанынан өтіп бара жатыр деп еді. Тауып берсеңдер сыйлығым бар. Көрмедіңдерме?

**Балалар:** жоқ.

**Тәрбиеші:** Келіп қалған екенсіз. Әже төрлетіңіз! Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметі үй жануарлары туралы айтып жатыр едік.

**Әже:** Жарайды, балалар ендеше мен сендерге жұмбақ жасырайын шешуін кім табады екен?

1)Шөре, шөре, лағым,

Тентек болма шырағым,

Селкеңдемей құлағың, — деп нені айтамыз? (Лақ)

2)Қара көзі мөлдіреп,

Қызықтырмай қоймайды.

Жібек жүзі үлбіреп,- деп нені айтамыз? (Ботақан).

3)Әукім- әукім әукешім,

Енең әне келеді,

Ақ мамасын береді.

Әукешім- деп нені айтамыз? ( Бұзау)

4)Басында екі таяғы бар.

Төрт аяғы бар.

Адам деуге болмайды,

Сақалы тағы бар. Бұл не? ( Ешкі)

5)Кішкене ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар. (Қой)

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар! Әже уайымдамаңыз, немереңіз табылады! Шаршаған шығарсыз, бәріміз бір сергіту сәтін орындап жіберейік, балалар бойымызды сергітіп алайық. Сергіту сәті: Видеомен

**Әже:** Жарайсыңдар балалар! Көңілім көтеріліп серігіп қалдым.

**Тәрбиеші:** Қане, балалар Әжемізбен бірге «Төлдерін тап» ойынын ойнайық. ( Немересінің даусы естіледі)

**Тәрбиеші:** Рахмет! Әже сіз келіп, біздің көңіліміз көтеріліп қалды. Жолыңыз болсын! Сау болыңыз!

Қортынды.

— Балалар, сонымен үй жануарларына нелер жатады?

— Бізге қонаққа кім келді?

— Үй жануарларының төлдерін не деп атайды?

— Малдың дыбыстарын қалай атайды?

*Жылқы — кісінейді. Сиыр-мөңірейді. Қой, ешкі – маңырайды. Түйе-боздайды.*

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.